

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

құндылықтарымыздың біріне айналып, еліміздің экономикалық, әлеуметтік жағдайдың дамуына әсері. Бесіншіден, зергерлік бұйым жасауға талпыну арқылы еңбекке баулу, зергерлік сала бойынша тәжірибе, білім алу, жастар зейінін ашу мен қызығушылықтың пайда болуы, болашақ жастардың адамгершілік қасиеттеріне септігі. Алтыншыдан, зергерлік өнердің қыры мен сырын тану арқылы біз тарихқа бойлаймыз, тарихи жәдігерлеріміз арқылы көне заманның сипатын танып, мәліметтер жинақтаймыз. Яғни, археологиялық бұйымдарсыз тарихи ақпараттар жинағы дәлелсіз бұлдыр түрінде ғана болар еді. Жетіншіден, басты қызметі болып саналатын-эстетикалық түрі. Яғни, сәндік пен сұлулықтың негізі болып, ежелден бізге әдемілікті беруі. Енді бір жағынан, белбеу секілді зергерлік бұйымдар ер адамдарда жаугершілік заманда қару-жарақтарды салуда таптырмас құрал болды. Әсіресе аңшылық кәсібінде садақтарды салуға арналған белбеулерді айтуға болады. Оларды «әскери белдік» деп атаған.

Көркемөнер шығармашылығы халықтың мәдениеті мен материалдық дүниетанымының, этностың өзін танытуының маңызды бір саласы. Онда ұлттың өзіндік ерекшелігінің мәні, мәдениеті, өркениетінің тамаша үлгілері ықшам әрі терең бейнеленеді. Ұлттың шығармашылық, философиялық көзқарасымен тығыз байланысты бұл өнер түрі ұлттық мәдениетіміздің дамуына, этностық болмысымыздың қалыптасуына үлкен ықпал етті. Көркемөнер шығармашылығының осы бір түрі өнердің барлық буынын бойына жинаған. Тамаша пішін үлгілерін жасауда мүсіншіге тән көркемдік сезімталдығы, ою өрнек құруда шығармашылық қиялының ұшқырлығы, бейнені кескіндеуде саусағының дәлдігі, түстік үйлесімдік құруда кескіндемешіге тән көкірек түйсігі болғанда ғана зергер шеберліктің шыңына жете алады. Бұл өнердің қыры мен сыры жайындағы жазылған көптеген еңбектер бар дегенімізбен, толықтай өз деңгейінде зерттелмей жатқан жайы бар. Осы бағыттағы, мәдени құндылықтарымызды, этностық болмысымызды қалыптастыратын тарихи мұраларымызды насихаттау әрі зерттеу біз қойған міндеттердің бірі болуы тиіс. Әсіресе мына, біз филологтар үшін маңызды деп білемін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шойбеков Р. «Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы», Алматы, 1993(7-156)
2. Ұлы дала мұрасы: зергерлік өнер жауһарлары, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, "Халық қазынасы" ғылыми-зерттеу институты. – Астана, 2018, 3-том,(455-888б.)
3. Самұратова Т. Қазақстан өнері тарихы, Астана, 2018(376)
4. Тохтабаева Ш. Қазақтың зергерлік өнері, Алматы кітап баспасы, 2011, (336)
5. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясының 1-томы, 2017ж, Алматы(336)
6. Асан Б. Шумерлер. Скифтер. Қазақтар. – Алматы, «Көшпенділер» баспа үйі, 2002 (88б)
7. Сычева Н. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының зергерлік әшекейлері. – Мәскеу, Советский художник,1984(45б)
8. Қазақ ертегілері 1-том, Алматы 1957(7-8б)

ӘОЖ 81-22

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТІЛІНДЕГІ БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКА

Кенжебекова Бану Бауржановна

banuken2003@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекшісі – Ш.Қапантайқызы

Абай Құнанбайұлы – XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың ұлы ақыны, ағартушы, философ. . Ақынның шығармаларын зерттеуде ерекше кездесетін құбылыс – бағалауыштық құбылыс. Абай өзінің тіл оралымдарында суреттеген әр образ, бейне не құбылыс болсын оларға ұтымды баға бере алған. Қазақ тіл білімінде енді ғана қолға алына бастаған бағалауыштық лексиканы Абай шығармалары тілінен тауып, оны бағалаудың түріне қарай ажырату өзекті тақырыптардың бірі деп білеміз. Себебі осындай зерттеулер ақынның дүниетанымын анықтап, бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне ақын көзімен қарауды үйренуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Ғ.Сағди «Абай» атты мақаласында: «Абайдың тілі - кең, өткір және қазақ тілінің әдемілігі Абай өлеңдерінде айқын көрінеді» деп баға береді. Және Абай шығармаларының сөзжасауы мен тілдік талғамын да сөз етеді.[1].

Бағалау категориясы - бағалау мәнімен біріктірілген және автордың сөйлеу мазмұнына оң немесе теріс қатынасын білдіретін көп деңгейлі тілдік бірліктердің жиынтығы. Баға, бағалау және бағалауыштық туралы зерттеулер қазақ тіл білімінде енді ғана қолға алына бастаған бағыт. Бағалауыштық құбылыс қашан да сөз мағынасында көбіне сын есім тұлғасында кездеседі.

Бағалауыштық лексиканың қазақ тіл білімінде құбылыс ретінде зерттелуі өзге тілді еңбектер мен ғалымдардың еңбектерінің нәтижесінде іске асады. Мысалы, Е.М.Вольфтің «Функциональная семантика оценки» және М.Г.Ивиннің «Основания логики оценок» атты еңбектері тіліміздегі бағалауыштық лексиканың алғашқы даму сатысында үлкен рөл атқарды[2].

Қ.Есенова: «Баға - сөйлеушінің ойға алғаны жайында мақұлдауы немесе қарсылық танытуы. Өзінің көзқарасын білдіруі». Ш.Нұрғожина: «Бағалауыштық – сөйлеушінің сөйлеу объектісіне теріс немесе оң пікір білдіруі»[2].

Ш.Нұрғожина «Эмоциональность и экспрессивность высказывании устной речи» еңбегінде: «Бағалау категориясы А – В құрылымы арқылы немесе жақсы/жаман деген екі мағынада жүзеге асады. Бағалау кезінде ұнату/ұнатпау, қуану/реніш сияқты сөздер арқылы субъект эмоциясын білдіреді» [3].

Абай қазақ тілінің поэтикалық лексикасын өлшеусіз байытып, көптеген сөздердің семантикалық көлемін кеңейтті; ол поэтикалық фразеологизмге көп жаңалық енгізді, жаңа поэтикалық стиль жасау міндетін атқарды. Оның шығармаларында халықтық - поэтикалық өнерге тән және дәстүрлі тұрақты тіл оралымдар мен өрнектер қолданылады. Сөздер мен олардың тіркесімдерін қолданумен байланысты шартты поэтикалық бейнелер шебер қолданылады. Сөздік бейнелер әр түрлі жаңартылған мағынада болып, бұл сөзсіз жаңа поэтикалық стильді бекітуге ықпал етті.

Абай тілі стилистикалық реңктердің байлығымен, сөйлеудің интонациялық-синтаксистік құрылымының алуан түрлілігімен, синтаксистік құрылымдардың қарапайымдылығымен, жеңілдігімен және икемділігімен ерекшеленеді. Абай қазақ поэтикалық тілін байытып қана қоймай, поэзияда халық тілінің байлығын шығармашылықпен пайдаланудың түрлі тәсілдерін көрсетті.

Абайдың шығармаларынан бағалауыштық лексиканы анықтау үшін бірінші ақын шығармаларының көпке тарап, ел аузында жүрген шығармаларын саралап алғанымыз жөн. Оқырман санасына ауырлық түсірмей, жалпақ тілмен берілген Абай шығармаларын талдап көрейік:

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды».

Жоғарыда берілген Абайдың «Қыс» өлеңіндегі бағалауыштық лексика: «соқыр, мылқау, ақ қырау, түсі суық, үскірік, кәрі құдан» сөздері арқылы берілген. Қыс мезгіліне эстетикалық баға беріп, оның жағымды не жағымсыз болуын оқырманның еркін түрде бағалауына қалдырған. Эстетикалық бағадан өзге сезімдік бағалауды да кездестіре аламыз. Себебі, қыс мезгілінің адам баласына әкелер қолайсыздығы суреттелгендіктен, адамның суықтық пен қыс мезгілінің әлегінен туындайтын сезімі де қатар суреттелген.

«Сегіз аяқ» өлеңі – Абайдың жазушылық еңбегінің орта тұсында туған үлкен, бар жағынан көркем келісті шыққан, зор шығармаларының бірі. Абай шығармаларындағы бағалауыштық лексиканы «Сегіз аяқ» өлеңінен көп мөлшерде кездестіре аламыз. «Көңілсіз құлақ», «күлкішіл кердең надан», «ұятсыз, арсыз салты» предикаттарының барлығы да жағымсыз және ұнамсыз бағада берілген. Аталғандардан басқа да предикаттардың қолданылуы эмоция туғызуға қабілетті. Сол себепті, «Сегіз аяқ» өлеңіне эмоционалдық баға бере аламыз.

«Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой».

Алғашқы екі жолынан әлеуметтік бағалауды көре аламыз. Б.Момынова «Газет лексикасы» еңбегінде атағандай халықтың тоқтықты ғана ойлап, жұмыссыздықтың әкелер зардабын көрсетеді. Б.Момынова да өз зерттеуінде жұмыссыздық, дәрменсіздік, жатыпішерлік және т.б. сөздерді қоғамдағы өзгерістерге қатысты туындайтын негатив сөздер деп бағалайды[4].

«Болмасын кекшіл,
Болсайшы көпшіл,
Жан аямай кәсіп қыл.
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей —
Тояды қарның тіленбей».

Бұл өлең жолдарындағы «кекшіл», «көпшіл» сөздері этикалық бағалау. Адам бойында табылатын ұнамды және ұнамсыз қасиеттерді бағалайды. Бұл бағалауда дескриптивті мән болмағанымен, субъектіге тікелей қатысы бар.

Тіл біліміміздің дамуына атсалысқан қазақ ғалымдары мен орыс зерттеушілерінің ажыратып қарастырған бағалауыштық лексиканың тілімізде енді назарға алына бастағанын білдік. Оның барлығы Абай тілінде еркін және көп мөлшерде кездеседі. Қазіргі тіл білімінде көптеген тіл мамандары сөздік құрамда адамның көңіл-күйіне әсер ететін сөздер тобы деп есептеген эмоционалдық бағалауды да таба аламыз. Абай өзінің өмір сүрген заманының ашкөздігін көрсету үшін эмоционалды сөздерді еркін қолданған. Сол арқылы ойын дөп жеткізіп, ащы сынның астына алады. Б.Момынова бағалаушы лексика туралы зерттеуінде: «Әлеуметтік топты, жеке адамды бағалау, сөзден басқа субъектінің іс-әрекетіне қатысты бағалау – бағалауыштық деген тұжырымынан бөлек, Абай бағалауыштық лексиканы табиғат, тұрмыс және қоршаған ортаға баға беруде де қолданады.

Абай – тіліміздің барлық байлығын, құбылыстарын шебер қолдана білген ақын. Арада екі жүз жылға жуық уақыт аралығы өтсе де, өзінің мәнін жоғалтпаған шығармаларының тілі тым шебер құрылған. Ақын болып қана қоймай, айналасына шын сын бере алған, оны дұрыс дәрежеде бағалай білу асқан шеберлік. Жоғарыда талдап көрсеткен мысалдарымыз соның дәлелі. Дүниедегі кез келген зат, құбылыс өзінің номиналды бағасын алатындығы түсінікті. Ал, Абай жалпыдан бөлек, өз талғамына сай әр зат, құбылыс, тұлғаға шын баға бере алды.

Қазіргі тілмен айтқанда, өз тілінде бағалауыштық лексиканы ұтымды қолдана білді. Қазіргі тілмен айтқанда, өз тілінде бағалауыштық лексиканы ұтымды қолданды. Сол арқылы қазақ қоғамына жақсы менен жаманды ажыратуға, өз ортасын бағалай білуге, салыстыра білуге жөн сілтеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мәдібаева Қ.Қ. Абайтану;оқу құралы // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы.2020.С.151-153.
2. Мұратбек.Б. Қазіргі қазақ тіліндегі баға, бағалау, бағалауыштық лексиканың зерттелуіне шолу. Ақтөбе.2014.
3. Нұрғожина Ш.И. Эмоциональность и экспрессивность высказывании устной речи // Вестник КазГУ. Серия филологическая. № 48.2001.С.30-34.
4. Момынова Б.Қ. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). Алматы.2003.С.228.

ӘОЖ 81-22

Б. МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРГЕ АССОЦИАТИВТІ ТАЛДАУ

Кенжехан Айдана Оралбекқызы

Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
2-курс магистранты
Астана, Қазақстан

Тіл жылдар бойы қалыптасып, халықтың тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен тығыз байланысып, қайнап жатқан күрделі процес болғандықтан, ескіріп, жаңарып, жаңғырып отырады. Тілдің табиғатын бұзбай, ондағы сан мыңдаған сөздердің лексика-семантикалық мағынасын түгелдей жаттап алу немесе есте сақтау мүмкін емес. Тіпті сөйлеу барысында күнделікті қолданыстағы кей сөздерді ұмытып, алмастырып алатын кездер де болып тұрады. Мұндай жағдайда адам жадында автоматты түрде сөздің ассоциативті қабаты ойға оралады. Ассоциативтілік дегеніміз – белгілі бір атауды естігінде немесе айтқанда, ең алғаш ойыңа келетін визуалды реакция. Оның ғылымда пайда болуы адамдардың өзге тілді үйренуі мен кішкен балаларға ана тілін жетік меңгертудегі тілдік тәжірибелер себеп болды. Сонымен қатар, сөздің ассоциативтік өрісін зерттеу және айқындау тілдегі әртүрлі сөздердің бір-бірімен өзара семантикалық, этимологиялық байланысын анықтауға мүмкіндік туғызады.

Қазақ тіл білімінде ассоциативті эксперименттер ХХ ғсырдың 60-70 жылдарында жасала бастады. Кеңес үкіметінің үстемдегі артып, тілге түрлі ғылым салалар тарапынан ден қойыла бастаған шақта орысша-қазақша сөздіктер жасау ісі қолға алынды. Сол кезеңде қазақ тіліндегі сөздердің орыс тілінде қандай ассоциативті реакция тудыратын айқындап, екі тіл арасындағы өзара ұқсастықтар мен байланысты анықтау мақсатында тілдік эксперименттер жүргізілді. Ассоциативті тәжірибе жайында зерттеу тілші ғалымдардың ғылыми қызығушылығын оятты.

2014 жылы жарық көрген «Казахский ассоциативный словарь» еңбегінде ассоциативті эксперимент жайында және оның қалай өткізілетіні туралы былай делінген: «Свободный ассоциативный эксперимент (САЭ) состоит в том, что большому количеству респондентов (от 500 до 1000 и более, что обеспечивает надежность объективность экспериментальных данных) предлагается ответить на заданные слова-стимулы (S) первыми пришедшими в голову ассоциациями – ассоциативными реакциями (R). Такие эксперименты проводятся в форме группового письменного опроса (анкетирования или тестирования) по общепринятой методике на основании апробированного и распространенного в международной практике списка слов-стимулов. На сегодняшний день САЭ является одним из наиболее простых и действенных способов исследования языкового сознания. С помощью этого метода можно проникнуть в